

Т. Қ. ТӨЛЕГЕНОВ

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ 1920—1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПІКІР-ТАЛАС

1920—1930 жылдары Абай шығармашылығына қатер төндірушілер аз болған жоқ. Солардың бірі Ілияс Қабылұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылы 10 сентябрьдің №208 санында жарияланған «Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оның сыны» деген мақаласын атап өтуге тура келеді. Бұл мақалаға қазақ зиялылары да қарап қалмастан, ұлттық мұрамызды қорғап қалуда барын салып, өзіндік үлестерін қосты.

Әсіресе көрнекті қоғам қайраткері, сыншы Ыдырыс Мұстамбайұлы өзінің «Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы» атты мақаласында Ілияс Қабылұлының мақаласындағы солақай айтылған, ұшқары пікірлерге батыл қарсы шығып, жан-жақты келтірілген дәлелді пікірлерімен тойтарыс берді. Ол мақаласының басында Ілиястың мақаласынан үзінді келтіріп бастайды.

Ілиястың Абай туралы жазған: «...сондықтан Қазақстандағы партия ұйымының салт-сана майданындағы міндетінің бірі — абайшылдықты жою болу керек. Ол үшін партия, кеңес жұртшылығының мәдениет майданындағы күшінің бәрін жинап алып, Абайдың пәлсапасына, Абайдың жолын қуып жүргендерге қарсы күрес ашу, оны тездету керек» [1], — деген пікірін алға тарта отырып, Ыдырыс бұл мақаласын бірнеше тарауларға бөліп талдайды.

«Абайды қалай тану керек?» атты бірінші тарауында Ыдырыс Ілиястың «Адам балаларының бәрі бірдей, сондықтан Абайдың да басқадан артық туған дәнеңесі жоқ» деген сөзіне еш талас жоқтығын айта келе, былайша жауап қайтарады:

«Осы күнгі мәдениетке, салт-санаға жеткенше адам баласы талай топалаң қырғыншылықты, талай сандырақты басынан өткізген. ...Абаймен күресу керек, қаптап кеткен абайшылдықты жою керек деп, күн ашық ел тыныш уақытында аттан салып бос ерсіленуден марксшілдік, лениншілдік табыла қоймайды».

Партия, кеңес қызметін атқара жүріп, Ыдырыс Мұстамбайұлы сыншы ретінде де, Абай мұрасын қорғауда да, осылай зор белсенділік танытып, өзінің терең білімділігін көрсетті. Оны аталған мақаладағы талдау барысында анық байқаймыз.

Ілияс мақаласында Абайдың дүние тану әдісінен үлгі алудың керегі жоқтығын, өйткені

Абайдың дүние тану әдісі біздің әдісімізге үйлеспейтіндігін, оның дүние тану әдісі — ұлтшылдық, қиялшылдық, біздің дүние тану әдісіміз затшылдық диалектика екендігін, Қазақстанның жас жұртшылығы соны үйренуге, бұл жөнінде Абайдан үлгі алмай Маркс, Плеханов, Лениндерден үлгі алу керек екендігін [2] айтса, Ыдырыс оған жауап ретінде: «Өзінше Ілияс жолдас мұны әбден тауып айттым деп отырған шығар. Абайды марксшіл, диалектикашыл емес деп сөгу балалық емес пе? Ал, дүние тану әдісін, пәлсапа жөйін Абайдан іздемей Ленин, Маркстен үйрену керектігін біздің жас жұртшылығымыз Ілияс жолдастың шалағай пәлсапасынсыз да, байбаламынсыз да білетін шығар», — деп, батыл пікірін айта келіп: «Абайдың пәлсапасы біздің марксизмге үйлеспейді, Абайдың дүниеге көзқарасы теріс деп, Абайды бұл күнде сөге салу оңай олжа. Бірақ сол Абайды туғызған заманының пішінін айқындау, сол күнгі қоғам тұрмысының күйіне жетіп Абайдың тарихи салмағын білу қиынырақ» деп өз уәжін салмақтай түседі.

Ілияс Қабылұлының «Кейбіреулер Абай өте күшті ақын, Абай қазақтың жазба әдебиетінің атасы дейді. Бұл мүмкін рас шығар. Оған біздің таласымыз жоқ. Біз мұнда тек Абайдың пәлсапасын ғана тексеріп, соған қысқаша жауап бермекшіміз», — деген пікіріне: «...Міне, жолдас Ілиястың пәлсапасының басы. Сөйтіп, пәлсапашыл Ілияс жолдас осы күнгі ең талас болып жүрген мәселені бүркеп өтіп кетіп, өңгімені Абай марксшіл емес деп оп-оңай тындырады. Ал, Ілиястың мамандығы пәлсапа болсын, бірақ Абай ақын ба, жоқ па, қазақ әдебиетінде Абайдың орыны қандай, осы күнгеше бұларды білмей тексермей жүрген Ілиясты үлкен пәлсапашыл деп айта алмадық», — дей келе Ыдырыс «пәлсапа, өнер, әдебиет, сыншылдық дегендердің бәрі қоныстас, аралас отырған ғылымдар, бірімен-бірінің жалғасы мол екендігін философ дегендер, сыншы дегендер, ақын дегендер бірінің сырын бірі қайтсе де білу керек» екендігін айтады.

Ыдырыс Абайдың пәлсапасын бөліп қана алып, Абайдың кім екенін танымын деген Ілиястың зерттеуінен диалектика шықпайтынын, бұл күнде тарихи мәселе болған Абайды әркім өзінше

бөлшектесе, Абайды бос мылжалағаны болатындығын айта келіп, ондай көзқарастарға қарсы шығады. Орыс әдебиетінен де оңтайлы мысал келтіреді:

«Атақты Пушкинді алсаң, бұл ақынның да талай сорақы пікірлерін табасың, Пушкиннің «Клеветникам России» деген бір өлеңі бар. Пушкин бұл өлеңді Николай патшаның табанының астында қан жұтып, езіліп жатқан поляк халқының бұқарасының көтерілісіне, сол көтерілісті қолдаушыларға қарсы жазған» деп ұлы орыс ақынының жеке тағдырына тоқталады.

«Мәдениеттің басқа жайында орыс ағайынымыз күнбатыстан көп төмен болғанымен, әдебиет жүзінде орыс әдебиеті ең бір жоғары саналатынын, Пушкин, Лермонтов, Достоевский, Тургеновтер дүние әдебиетіне белгілі жазушылар» екендігін айта келіп, Ыдырыс бұлардың барлығында да бұл күнгі салт-санаға үйлеспейтін жерлері көптігіне тоқталады.

Ыдырыс, «Ілиястың пәлсапасы» деген келесі тарауында Ілиястың пәлсапасының ең үлкен жерлерінен мысал келтіреді:

1.«Абайша түсінгенде алла менің жүрегімде жүреді екен, олай болса ол менің нем болады. Әрине, менің субстансам болады».

2.«Олай болса мен затпын, алла сол субстансасы. Ендеше ол свойство, адам баласына қай уақытта пайда болады».

3.«Фейербах ми болмаса ой да болмайды деп тіпті жөн айтқан. Олай болса, ой адам баласының миының свойствосы» деген Ілиястың пікіріне, Ыдырыс былай деп талдау жасайды:

«Мұнан ел не ұғады? Біздің көпшілік қара бұқарамыз маркстіл Ілиястың мұндай пәлсапасынан гөрі құдайшыл жуан Абайды тезірек ұға ма деген қауіп зор.

Абайдың кейбір мыжыңбайлары осы күнгі бұқараның миына бір жағынан қонбайды, Ілияс жолдастың пәлсапасы тағы миға қонбайды».

Ыдырыс, Абай туралы тұжырымын былай білдіреді: «Енді Абайға келсек, Фейербах пен Гегельді қосақтастырып Абайдан марксизмді арашалап аламын деп Ілияс жолдас бос өуре болған. Қоғам тұрмысының күйін шаруашылық, өндіріс қатынастарының негізіне байланысты десе, не яки, «салт-сананы тұрмыс билейді» десе Абайға бұлар жеткілікті емес пе екен? Маркстің бұл қорытынды пікірлері адам баласының келешек тарихына салып берген даңғыл жолы. Маркстің бұл сөздері Абай түгіл Фейербах пен Гегельдің өздеріне де жеткілікті».

Белгілі абайтанушы, ғалым Ж.Ысмағұлов «Абай: ақындық тағлымы» атты еңбегінде Абай туралы зілді сын айтушылардың бірі сол кездегі идеология майданында саяси ахуал туғызып жүрген жауапты лауазым иесі Ілияс Қабылов болғандығына тоқтала келіп, оның «Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оның сыны» атты үлкен дау тудырған мақаласына өз пікірін былай білдіреді:

«Абайдың азаматтық және ақындық қызметін зорлықпен екі дәуірге бөліп тастап, ол біріншісінде ақынды қазақтың ескі патриархалдық-рулық тәртіптерінің жоқшысы етіп көрсетеді де, екіншісінде жаңадан туындап келе жатқан ұлттық буржуазияның жаршысы етіп сипаттайды. Сөйтіп, екі кезеңдегі қызметін де бүгінгі қоғам тіршілігіне жарамсыз, зиянды нәрсе деп жариялайды. Жариялап қана қоймайды, Абайдың атына да, мұрасына да тіл тигізіп, оны неше түрлі саяси жүгенсіздік сөздермен балағаттайды.

Жө, І.Қабыловтың сөзін сол кездегі идеологиялық үстемдіктің көзсіз қаруы деп, ал оның мына даурықпасын асылдың қадірін айыра алмаған білместік деп қабылдайық. Ал енді көркемдік табиғатын біршама түсіне отырып, көрінеу бұрмалаған саяси аярлыққа не айтуға болады?

Кезінде белгілі журналист, білгір әдебиетші, белсенді сыншы атанған Ғаббас Тоғжановтың 1935 жылы Алматы мен Қазанда латын өрпімен басылып шыққан «Абай» [9] атты әдеби-сын кітабын оқып отырғанда, еріксіз осындай ойға қаласың» [3, 8].

Ж.Ысмағұлов Абай мұрасының көркемдік қасиеттерін сөз қылғандағы сол авторлардың әдеби шығарма табиғатын жап-жақсы түсінетін өзірлігі байқалып тұрса да, Абайдың адам, азамат, қайраткер ретіндегі, тарихи тұлға ретіндегі рөлін бағалауға келгендегі мейілінше қыңыр, солақай, сыңаржақ пікірлеріне бүкіл жан-жүрегімен қарсы тұрып, наразылығын білдіреді, сол жылдардағы ресми идеологияның өпербақан солшыл қанатының асыра сілтегіштері қаншама өзеуресе де, Абай аты тарихтан өшпегендігін және бұл орайда кезінде қажетті белсенділік танытып, ұлы ақын мұрасын қорғап қалуға үлес қосқан жұртшылық өкілдері, белгілі қоғам қайраткерлері, әдебиет пен өнердің өз адамдары болғандығын айта келіп, Ыдырыс Мұстамбайұлына өз тарапынан әділ бағасын береді:

«Өткеннің мұрасына нақты тарихи тұрғыдан келіп, Абай шығармашылығына әділ бағасын

беруде айқын бағыт, берік тұғыр ұстанған беделді сөз иелерінің бірі — Ыдырыс Мұстамбайұлы. Және бір назар аударарлығы, үнемі партиялық, мемлекеттік іс басында жүрген қоғам қайраткері Абай жөніндегі өзінің әлеуметтік-саяси тұрғыдан жазылған мақалаларында Абай мұрасының әдеби-көркемдік ерекшеліктерін де білгірлікпен қорғайды. Аталған мақаланың «Литературное наследство Абая» деген бөлімі — осыған айқын айғақ» [3, 13].

Ыдырыс «Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы» деген мақаласындағы «Абайдың пәлсапасы» деген тарауында Абайдың философиясына тереңірек тоқталады:

«Абай біртұтас пәлсапа пікірін қалдырып кетпесе де, заманына қарай зор адам болған. Бұны тану керек. Абай үлкен ойшыл адам болған. Қиялмен Абай дүниені шырқ айналып, өр нәрсені ойлап-ойлап «жаны жаралы бір жан» болған; Алды-артында тірегі болмағандықтан, білімі, тәжірибесі шамалы болғандықтан, шаршап-шатасқан жан. Мұндай жанның шығуы бір нәрсенің салқыны».

Ыдырыстың айтқан пікірлерінің кеменгер жазушымыз М.О.Әуезовтің ойларынан да ұшырасатынын, яғни өзара үндестік барын байқағандай боламыз. Оның: «Шын мәнінде алғанда, Абай философ емес, ғылымдық кең мағынасында алғанда, Абайдың арнап жазған философиялық жекеше терең толғаулы еңбектері, трактаты жоқ» [4, 480], сондай-ақ «Және осындай ойшылдық белгілерін жеке философиясы деп атамасақ та, ақынның даналық, философиялық көзқарастары деген тұрғыда мейлінше түгел қамтып, тексеріп, талдай білуіміз керек», — [4, 410], деген пікірлері осыған дәлел болса керек.

Абай әлемінің ашылмаған сыры өлі көп. Ақынның діни-әлеуметтік философиясына да біржақты баға беріліп, теріс пікірлер де кездесіп жатты. Абайдың дүниетанымы жөніндегі ғылыми-қоғамдық пікірталас өлі де жүріп жатыр. Көрнекті әдебиеттанушы-ғалым Ә.Қоңыратбаев М.Әуезовтің Абайдың философиясы жайында айтқан мына пікіріне құлақ асуды жөн көреді:

«Абай философиясын зерттеу әрине, жақсы бастама. Бірақ оны журналистік шолу емес, теориялық тұрғыдан зерттеген дұрыс болар еді. Абайдың әдеби мұрасына келгенде оның ақындығын баса көрсеткеніміз жөн. Пушкиннің философиясын зерттеп олжа тапқандар орыс халқында көп емес. Олар Пушкинді ұлы ақын деп дәріптейді. Біз де осы арнаға түссек қайтеді, — деді [5, 169].

Ыдырыс Мұстамбайұлы «Абайдың жұртшылық беті» деген тарауында Абайдың жалпы идеологиясы туралы айта келіп, оның ішінде Ілиястың Абайдың заманының суретін дұрыс келтіргенін, бірақ Ілияс дұп-дұрыс пікірін ақырында апарып сұйықтатып жіберетініне тоқталады.

Жалпы алғанда, Ыдырыс Ілиястың «Абай жуан болыпты, артынан жаңа заманға душар болыпты, жаңа заманның билері, болыстары секілді жаңа жұртшылықтың бастықтары шығып Абаймен күресіпті. Жаңа заман кімнің бел омыртқасын үзбейді, Абай секілді жуанды да жаныштапты. Абай ызаланып, жаңа заманды қарғап, жаңа заманның би, болыстарын балағаттап өлең жазыпты. Бірақ, аяғында Абай тәубаға келіпті, жаңа заманға көніпті», — деген пікірлерінің қате екендігін көрсете келіп былай дейді:

«Ілиястың пікірінің жалпы қатесін қояйық. Бұл арада Ілиястың үлкен бір топастығын айттайық. Егер Ілияс Абайдың идеологиясы хақында бүйректен сирақ шығарып, Абайды екіге бөлмей, тек бастапқы пікірінде ғана отырса, Ілиястың бірқатар сөздері дұрыс секілді көрінер еді, өйткені Абайдың көп өлендерінің сыртқы пішінін алып мұндай пікірге дәлел қылуға болады. Ал, Абай кейін түзелгенде оған не себеп бар? Оған, түк себеп, түп дәлел жоқ; Тек Ілиястың патша көңілі, өзінің жүруі ғана дәлел. Абайдың басында ескішіл болды деген пікірге Ілиястың бір келтірген дәлелі:

Абайдың «Бай алады кезінде көп берем деп» деген өлеңі. Бұл өлеңді әр жолдастар өздері оқып көрсін. Абайдың басқа өлендері болмаса біз бұл өлең Абайдың ескішілдігіне дәлел деп ойлай алмаймыз. Бұл өлеңде Абай бұрынғы ортасының қаймағының бұзылып келе жатқанын дұрыс зерттеген. Бұл өлең үлкен тарихи документ. Бірақ мұнда ескіні жоқтап жылап отырған Абай жоқ. Абай бір нәрсенің жақындауын сезіп, дағдарып бірқатар отырады» дей келе, Ыдырыс:

«Ал, Абай боқтаған билер, болыстар, старшындар жаңа жұртшылықтың басшылары еді. Абай оларға сотқарлығын жасай, жұртшылық шаруасын жөндеп істетпеді деген Ілияс жолдасқа жол болсын!» — дейді.

Ыдырыс Абайды Маркс жолымен сынау керектігін, бірақ Абайды маркстіл емес, еңбекшіл жырын жырламаған деп кінәлау үлкен адасқандық екендігін, әрбір маркстіл азамат әдебиет мәселелерін тексергенде, заман, орта деген нәрселерді есінен еш шығармау керектігін, әдебиет мәселесін заманмен салыстырып сынау ке-

ректігін Абай түгіл орыс елінің Салтыков, Чернышевскийлер, Горькийлерден де марксизмге үйлеспейтін талай әңгіме табатынынды, бірақ бұлардың өткенімен қадірі зор, керегі мол екендігін айта келіп, Абайдың жұртшылық бетін, жалпы идеологиясын тексергенде айтатын қорытынды пікірін былай деп білдіреді:

«Абай қазақ арасына сауда капиталы орнап келе жатқанда туған жаңа жұртшылықтың басшы адамы болған, сондықтан, Абайдың жұртшылық бетінде жазған өлеңдерінің бұл күнде пішін жайынан артта қалса да, салт-сана жайынан қанша кемшіліктер болса да үлкен тарихы мағынасы бар. Плеханов орыс елінің жұртшылық тарихы деген (история русской общественной мысли) кітабында орыс елінің, орыс жұртшылығының басшыларының ішінен Третьяков секілді адамдарды қандай бағалаған. Абайдың өз заманындағы жаңа жұртшылыққа жасаған еңбегі Третьяковтарынан еш кем емес».

Ыдырыс Мұстамбайұлы «Абайдың әдебиеттегі орыны» атты тарауында: «Біз Абайды қазақтың жазба әдебиетінің бастығы деп есептейміз. Бұл пікір туралы ел не десе өз еркі, бірақ біз мұнымыздан ленинизмге кінәлі боламыз деп еш ойламаймыз» деп бастайды да, мынадай қорытынды шығарады:

«Абайдың атын атаған кісіге не ұлтшыл, не идеяшыл деген кінә тағыла қойылатын әдет бар шығар. Абайды алашордашылар жақсы көретін шығар; Ұлтшылдық дәуіріне Абайдың аты ұлтшылдық туымен қатар жүрген шығар. Бірақ, алашордашыл түгіл, монархист болсын, біреу екі жерде екі төрт десе оны айтушы біздің саяси жауымыз болса да жоқ сен өтірік айтасың екі жерде екі тең бес болады деп айтуымызға бола ма?», — дей келе:

«Қазақтың жазба әдебиетінің бастығы Абай болды деген сөз, орыс елінің жазба әдебиетінің атасы Пушкин болды деген сөз секілді. Ал, Пушкин орыс әдебиетінің атасы болды деген пікірге коммунист те, монархист те, капиталист те, ақсүйек-помещик те, қазақ та, орыс та бір-бірімен таласпайды. Сондықтан бұл араға орынсыз саясат кіргізбеу керек», — деп байлам жасайды.

Ыдырыс Абай заманындағы тұңғыш сана сезімі дөңгелектемеген бұқараға Абайдың лирикасы сәуле болған, жаңа оянып келе жатқан адамның есін жиып ойын, пікірін құрастыруға себепші болған Абай екендігін, Абайдың лирикасының мұншама қуатты болғандығы, Абайдың жалпы ақындығының жұртшылық беті күшті

болғаны екендігінен айта келіп, Абайды Есенинмен салыстырады:

«Жақында өліп кеткен жаңа жұртшылығымыздың бір атақты ақыны Есениннің де күшті беті лирика еді. «Дүниеде барлық нәрседен ырза болсам да, сүйкімді лирикаманан айырылмаймын», — деп өліп кеткен Есениннен Абайдың лирикасының жұртшылық беті де күшті, мағынасы да зор».

«Ілияс жолдастың өзі де айтқан көрінеді ғой. Халық бұқараның ішінде Абайдың атағы зор болған. Бір уақытта Абайды көрі-жас, кемпір-шал, бала-шаға бәрі өлендетіп, әндетіп айтып жүрген, Абайдың сөздері мәтел болып әркім сөйлеген сөзінде Абайды мысалға аузына ала отыратын болған. Абай оқығанға да, оқымаған надан адамға да бірдей түсінікті болған. Мұның себебі не?» — деп риторикалық сұрақ бере отырып Ыдырыс былай дейді:

«Мұның себебі Абай көпшіліктің көңіліне кірген, санаға аз да болса нұсқау болған. Жаңа заман туғызған жаңа жұртшылықтың алдындағы бұлдырланған сауалдарға азды-көпті жауап болған; Абай есін жиып келе жатқан жас жұртшылықтың азығы болған» дейді.

Абайтануда өзіндік тарихи орны бар «Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы» атты мақаласының соңын Ыдырыс былайша аяқтайды:

«Ендігі айтатынымыз, Абайдың ақындығының жалпы бағыты. Біреулер Абайды сарындаушы дейді. Бұл бос сөз екенін жоғарыда айттық. Абайдың ақындығының бағыты нағызшылдық негізінен шыққан Гогольдің күлкі мазағына ұқсас, ащы сөзі Салтыковтың ақындығымен ағайындас, кей жерлерде Лермонтовқа еліктеуінен Абайды сарындаушыларға қосу Абайды түсінбегендік, тек надандығынан, әдебиеттің заңын білмегендіктен. Абай Гоголь мен Салтыковтердің кейіпкерлерін жасай алмаған. Абайдың ортасы дара Зубаев, Собакеевич, Хлестаков секілді шығуға дәл берерлік орта емес болатын. Оның орнына Абайдың лирикасының күші Пушкин, Шевченко, Есенин секілді ақындардан қалыспайды. Елдің көбі Абайдың тұқымы жуан, өзі болыс болыпты, партияшыл болған деп үркеді. Ғылымға, өнерге, әдебиетке таудай еңбегі сіңген данышпандардың көбі-ақ жұмысшы, яки қойшы болмаған. Салтыков казенный палатаның бір уақытта бастығы болмап па?

Пушкин, Толстой басқалары да кедей балалары емес болатын. Абайдың партияшылдығын алсақ, талай ғалым, талай ақындардың өмірінде

көп қатесі, талай жерде, талай істеген сұмдықтары көп болған. Абайдың партияшылдығы ортаның жемісі. Абай түгіл Гейне секілділердің де талай қызықтары болған. Абай ескірді, бұл күнде Абайдан артық ақындарымыз бар деп таласатын жолдастар көп. Бұған таласу әзір орынсыз. Абайдан артық та, кем де бар шығар. Бұл күнде Пушкин де артта қалды. Толстой мен Пушкиннің арасы неше көш жер, бірақ Пушкиннің де, Абайдың да тарихи мағынасы еш уақытта төмендемейді», — деп Абайдың ұлт әдебиетіндегі орнын анықтап, тарихи мән-маңызын ашады, ұлы ақының бай ортадан шыққан тегіне қарап емес, халыққа сіңірген еңбегіне қарап бағалау керектігін, дәл осындай үстем таптан шыққан орыс әдебиеті-

нің Пушкин, Толстой сияқты алыптарын мысал етіп дәлелдейді, қазақта Абайдан артық ақын болмағандығын, оған теңесер ешкім жоқтығын ашық мәлімдейді.

ӘДЕБИЕТ

1. *Ыдырыс Мұстамбайұлы*. Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы // Еңбекші қазақ. 1929. №8. 10, 11 қаңтар.
2. *Ілияс Қабылұлы*. Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оның сыны / Еңбекші қазақ. 1928. 10 сентябрь. №208.
3. *Жұмағали Ысмағұлов*. Абай: ақындық тағлымы. Алматы: Ғылым, 1994. 8-б.
4. *Әуезов М.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, XII т.410-б.
5. *Қоңыратбаев Ә.* Керуен. Алматы, 1989. 169-б.